ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 30 желтоқсан № 5265-24-00-2/4250 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.К.Кенжебаева оңайлатылған тәртіппен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шымкент қаласының мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының «Шымкент қалалық тілдерді оқыту-әдістемелік орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«ALL INFINITY» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Шымкент қаласының мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының «Шымкент қалалық тілдерді оқыту-әдістемелік орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер «ALL INFINITY» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер «ALL INFINITY» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхатты келтіруге ерікті.

Судья **Ж.К.Кенжебаева**

Құжатқа қол қойылған: Кенжебаева Ж. К., 30.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 10.02.2025, судья Кенжебаева Ж. К., 24.02.2025

5265-24-3-1/4529